



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№42 (1999) 1 ЖЕЛТОҚСАН 2025 ЖЫЛ

ҚазҰУ-да дипломатиялық қабылдау өтті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде халықаралық қатынастар факультетінің құрылғанына 30 жыл толуына арналған мерейтойлық дипломатиялық қабылдау өтті.



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев құттықтау сөз сөйлеп, қатысушылар мен қонақтарды факультеттің мерейтойымен құттықтады. Ректор өз сөзінде: «ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультеті 30 жылдан астам уақыт бойы халықаралық қатынастар саласы үшін жоғары білікті мамандар даярлайтын зияткерлік ордаға айналды», – деп атап өтті.

Жансейіт Қансейітулы дипломатиялық корпус өкілдеріне, бас консулдарға, сондай-ақ мемлекеттік органдарда, елшіліктерде, іскерлік құрылымдар мен сараптамалық орталықтарда жауапты қызмет атқарып жүрген факультет түлектеріне ерекше алғыс білдірді.

Қазақстан Республикасы сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Ержан Ашықбаев ҚР сыртқы істер министрі Ермек Көшербаевтың құттықтау хатын оқып берді.

Дипломаттар мен қонақтар жоғары білімнің дипломатияны дамыту, тұрақты бейбітшілік және халықтар арасындағы өзара құрметті қалыптастырудағы рөлін талқылады. Ресми бөлім аяқталған соң, дипломатиялық корпус өкілдеріне алғыс хаттар мен медальдар табыс етілді.

Әйгерім
ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан-Америка цитоматрицаны зерттеу орталығының салтанатты ашылуы өтті.



Цитоматрицаны зерттеу орталығы ашылды

Жаңа орталықта ғалымдар цитоматрица құрылымын, жасуша ішіндегі күрделі клеткалық процестерді терең зерттеп, биомедициналық ғылымды дамытуға үлес қосады. Сонымен қатар қатерлі ісік жасу-

шаларының биологиясына арналған бірлескен инновациялық жобалар іске асырылып, жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлауға мүмкіндік бермек.

Ауқымды іс-шараға ҚазҰУ Басқарма Төраға-

сы – Ректор Жансейіт Түймебаев, Peri-Nuc Labs LLP бас директоры, АҚШ-тағы Хьюстон университетінің профессоры Тэттим Шайкен, «ЭКОМЕД» клиникасының ғылыми директоры, биология ғылымының докторы, профессор Салтанат Байқошқарова, Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты басқарма төрағасының орынбасары Гүлмира Жұрабекова, отандық ғылыми-зерттеу институттары мен жетекші клиникалардың өкілдері, белгілі ғалымдар мен сарапшылар қатысты.

Жалғасы 2-бетте

Еуразия форумында жаңа бастамалар таныстырылды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Ташкентте өткен «Еуразияның жоғары білім беру жүйесінің Шығыс пен Батысты тоғыстырудағы рөлі» атты халықаралық форумда баяндама жасап, өңірлік білім беру интеграциясы мен университеттің жаһандық даму бағыттарын таныстырды.

Сессияны QS ұйымының аймақтық директоры Сергей Христовлюбов жүргізді. Пікірталасқа Қазақстан, БАӘ, Әзірбайжан және Қырғызстанның жетекші жоғары оқу орындарының басшылары қатысты.

Өз сөзінде Жансейіт Түймебаев Алматының Орталық Азиядағы маңызды ғылыми-оқу орталығына айналып келе жатқанын атап өтті. «ҚазҰУ миссиясы – Шығыс пен Батыс арасындағы көпір болумен



шектелмей, жаңа идеялар мен интеграциялық модельдер ұсынатын өңірлік бастамашыл университетке айналу», – деді ректор.

Жансейіт Түймебаев Еуразияны тек Шығыс пен Батыстың тоғысқан нүктесі емес, толыққанды әлемдік білім беру бағытына айналдыру қажеттігін жеткізді. Осы мақсатта ҚазҰУ тарапынан өңірдегі жетекші университеттерді біріктіретін «Глобал таланттарды даярлау жөніндегі Еуразиялық университеттер альянсын» құруды ұсынды.

Гүл БАЯНДИНА

2-бет

АҚШ ғалымы
көшбасшылық
дәріс оқыды



3-бет

Құрылыс
және жөндеу
жұмыстары
пысықталды



4-5 беттер

ҚазҰУ-дың жаңа
цифрлық дәуірі:
ақпараттық
технологиялар және
жасанды интеллект
факультеті



Цитоматрицаны зерттеу орталығы ашылды



Соңы. Басы 1-бетте

Оқу ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев өз сөзінде бірлескен орталықтың ашылуы Қазақстан ғылымы үшін маңызды қадам екенін атап өтті. «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан – академиялық білім аймағы» атты стратегиялық серіктестер форумында сөйлеген сөзінде: «Ғылымның ең басты миссиясы – адамзат игілігіне қызмет ету. Мықты университеттер – келешектің фабрикасы. Бұл жерде идеялар туып, кедергілер еңсеріледі», – деп атап өткен болатын. Президент тапсырмасына орай, біздің алдымызда ғылымды жетілдіру, жасанды интеллект технологияларын барлық салаға енгізу мақсаттары тұр. Университетте жаңа орталықтың ашылуы – Қазақстан мен АҚШ арасындағы нә-

тижелі әріптестіктің жемісі. Бұл орталықты құру жөніндегі келісімге 2024 жылдың 6 шілдесінде қол қойылған. Келешекте осы орталықтың негізінде ірі зерттеу және инновациялық бағыттағы кластер құрылатын болады», – деді ректор.

Өз кезегінде профессор Тәттім Шайкен цитоматрицаның қасиеттері мен жаңа зерттеу бағыттарына арналған ғылыми презентациясын ұсынды. Ол қатерлі ісік жасушалар мінез-құлқын зерттеудегі цитоматрицаның маңызына тоқталып, алдағы уақытта жүзеге асатын бірлескен жобалардың негізгі бағыттарымен таныстырды.

Айта кетейік, ҚазҰУ студенттері орталықтағы заманауи құрылғыларды пайдалана отырып, тағылымдамадан өтеді.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Серіктестіктің жаңа кезеңі басталады



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Пәкістан парламенті жоғарғы палатасының мүшесі, сенатор Зарка Сухарварди Таймур ханыммен кездесті.

елді біріктіретін халықаралық COMSATS ұйымы ғылым мен орнықты даму саласындағы бірлескен бастамалардың маңызды алаңына айналып отыр. ҚазҰУ базасындағы осы ұйымның Климат және тұрақтылық орталығы да табысты жұмыс істеп, халықаралық деңгейде зерттеулер жүргізуде.

Тараптар Quaid-i-Azam университетінде ашылатын Әл-Фараби орталығының маңызын да атап өтті. Сондай-ақ ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінде Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының жұмыс істейтіні айтылды. Мұнда аймақтың тілдері мен мәдениеттері бойынша мамандар даярланады.

Гүл БАЯНДИНА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Қазақстан Республикасының энергетика вице-министрі Бақытжан Ілияспен кездесті.

Жұздесуде білікті мамандар даярлау, кадрлық әлеуетті арттыру, отын-энергетика кешенінде ортақ ғылыми жобаларды іске асыру және индустриялық-технологиялық мүмкіндіктерді тиімді пайдалану мәселелері қарастырылды. Келіссөз барысында ҚазҰУ мен ҚР Энергетика министрлігі арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Келісім аясында ҚазҰУ базасында отын-энергетика кешені саласына арналған технологиялық құзыреттілік жөніндегі салалық орталық құрылады. Аталған орталық индустриялық және энергетикалық технологиялар бойынша бірлескен зерттеулер жүргізу, қолданбалы шешімдер әзірлеу

Технологиялық құзыреттілік жөніндегі орталық құрылады



үшін платформа қызметін атқарады. Сондай-ақ тараптар ҚазҰУ суперкомпьютерінің қуатты есептеу инфрақұрылымын пайдалану мүмкіндігін келісті.

Ректор Жансейіт Түймебаев вице-министрге ҚазҰУ-дың

жетістіктерін таныстырып, жасалған келісім энергетика саласындағы зерттеулерді жаңа деңгейге көтеруге ықпал ететінін жеткізді.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Ташкентте стратегиялық бағыттар талқыланды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев бастаған делегация Ташкент қаласындағы Өзбекстан ұлттық университетіне жұмыс сапарымен барды. Делегацияны Өзбекстан ұлттық университетінің ректоры Ином Мажидов қабылдады.



Кездесу барысында екі университет арасындағы көпжылдық ынтымақтастықтың жаңа кезеңдері, соның ішінде ғылым, білім және өндірісті интеграциялау аясында жүзеге асырылатын стратегиялық бағыттар талқыланды.

Кездесу барысында ортақ ғылыми жобаларды кеңейту, жас ғалымдар мен зерттеушілерді алмастыруды жетілдіру, бірлескен ғылыми жарияланымдар мен конференциялар өткізу мүмкіндіктері пысықтал-

ды. Сондай-ақ археология, тарих, биология және геология сияқты басым бағыттар бойынша бірлескен экспедицияларды өткізу мәселелері қаралды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

АҚШ ғалымы көшбасшылық дәріс оқыды



ті және Baylor College of Medicine зерттеуші-профессоры.

Профессор лекциясында қатерлі ісік табиғаты мен оны емдеудің қазіргі әдістерін талқылады.

Лекциядан кейін тыңдаушылар сұрақ қойып, толық әрі

мазмұнды жауап алды. Қатысушылар Шайкен Тәттімнің көшбасшылық дәрісін маңызды ғылыми-білім беру оқиғасы ретінде жоғары бағалады.

Света ӘБІЛҒАЗЫҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Сингапурдағы AstraSec PTE Ltd. компаниясының басқарма төрағасы Фрэнк Люды қабылдады.

Цифрлық жобаларды бірлесіп іске асырады



Кездесу барысында тараптар университет пен халықаралық компания арасындағы стратегиялық серіктестікті пен ынтымақтастықты дамыту мүмкіндіктерін талқылады. Әсіресе цифрлық қауіпсіздік, ақпараттық технологиялар және инновациялық жобаларды енгізу саласындағы бірлескен жобаларға ерекше көңіл бөлінді.

Жансейіт Түймебаев құрметті қонақтарды қарсы ала отырып, оқу ордасының ғылыми инфрақұрылымын таныстырды. Өз сөзінде ректор ҚазҰУ Сингапур ЖОО-лары және компанияларымен серіктестікті арттыруға мүдделі екенін жеткізді. «AstraSec PTE Ltd. компаниясының орталығын ҚазҰУ базасында ашуды ұсынамын. Бұған екі жақтың да мүмкіндігі жетерлік. Аталған орталық бірлесіп білікті мамандарды даярлауға, ғылыми инновациялық жобаларды іске асыруға мол мүмкіндік береді. Бұл бағытта ҚазҰУ-дың

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев қытайлық НЗС компаниясының Қазақстандағы өкілдігінің басшысы Чен Янлинмен кездесті.

Инфрақұрылымның заманауи шешімдерін таныстырды



Тараптар университет қалашығының заманауи цифрлық инфрақұрылымын қалыптастыруға бағытталған «Smart Campus» жобасын іске қосу мәселелерін талқылады. Атап айтқанда интеллектуалды желілік архитектураны құру, сымсыз байланыс технологияларын кезең-кезеңімен енгізу және цифрлық сервистердің қолжетімділігін арттыру бойынша бірлескен жұмыс бағыттары қарастырылды.

Оқу ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-дың білім, ғылым және инновация салаларындағы стратегиялық мақсаттарына тоқталып, цифрландыру университет дамуының негізгі басымдықтарының бірі екенін атап өтті. Жаңа технологияларды енгізу оқу үдерісінің тиімділігін арттырып қана қоймай, студенттер мен оқытушыларға арналған бірыңғай ыңғайлы цифрлық экосистеміне қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Өз кезегінде НЗС компаниясының өкілі Чен Янлин халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, жоғары оқу орындары үшін интеллектуалды инфрақұрылым құрудың заманауи шешімдерін таныстырды.

Тараптар «Smart Campus» тұжырымдамасы аясында пилоттық жобаларды іске асыру, жаңа цифрлық платформаларды енгізу, ақпараттық қауіпсіздікті күшейту және оқу ортасын автоматтандыру бағыттары бойынша бірлескен жұмысты жалғастыруға уағдаласты.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми кеңесі отырысында жаңартылған инновациялық білім беру бағдарламаларын жетілдіру және оңтайландыру, сондай-ақ университеттің жастар саясаты тұжырымдамасы және студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету мәселелері талқыланды.

Білім беру бағдарламалары жетілдіріледі



Білім беру бағдарламаларын жетілдіру тақырыбында баяндаманы Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Алина Галеева жасады, қосымша баяндамашы ретінде кафедра меңгерушісі Мәдина Мансұрова қатысты. Проректор А.Галеева білім беру бағдарламаларының кешенді талдауының нәтижелерін таныстыра отырып, университеттің білім беру бағдарламаларын жаңандық білім беру үрдістері мен қазіргі еңбек нарығы талаптарына сәйкес жүйелі жаңарту жұмыстарын жүргізіп отырғанын атап өтті.

Жастар саясаты тұжырымдамасы мен студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету мәселесі бойынша баяндаманы Басқарма мүшесі – әлеуметтік даму проректоры Бақытжан Омаров жасады, қосымша баяндамашы ретінде география және табиғатты пайдалану факультетінің деканы Әлия Ақтымбаева қатысты.

Студенттерге әлеуметтік қолдауды нығайту және инфрақұрылымды жаңарту бойынша кешенді жұмыс нәти-

жесінде 2025 жылы 1658 есік, 600 парта, 252 кітап сөресі, 16 мың төсек, санитарлық тораптар мен тұрмыстық техника жаңартылды. Студенттерге оқу ақысына 10 пайыздан 100 пайызға дейін жеңілдіктер беріледі. Табысы төмен елдерден келген шетелдік білім алушыларға, жетім және мүмкіндігі шектеулі студенттерге жатақханада тұру толық немесе ішінара өтеледі. Университет тегін медициналық қызмет көрсетеді.

Ғылыми кеңес барысында ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ұсынылған қаулы жобаларын іске асыруды күшейту, білім беру бағдарламаларын жаңарту барысын бақылауды қамтамасыз ету және студенттерге көрсетілетін әлеуметтік қолдау сапасын арттыру қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар инженерлік мамандықтарды даярлайтын білім беру бағдарламаларын көбірек ашуды және Археология институтының жұмысын жандандыруды тапсырды.

Гүл БАЯНДИНА

Құрылыс және жөндеу жұмыстары пысықталды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев қалашықта жүргізіліп жатқан құрылыс және жөндеу жұмыстарының барысымен танысты.

Қазіргі таңда университеттің ғылыми орталықтары мен оқу корпустарының маңындағы жиектастар мен асфальт төсеуішітері жаңартылуда. Сондай-

ақ аумақты абаттандыру, студенттер мен оқытушылар үшін ыңғайлы орта құру бағытындағы жобалар белсенді іске асырылуда. Оқу ордасының басшысына аталған жұмыстардың нәтижелері мен жобаның кезең-кезеңімен жүзеге асырылу жоспары көрсетілді. Сонымен қатар Жансейіт Түймебаевқа университет ба-



засында жаңадан салынатын гараждың эскизі көрсетілді. Болашақта гараж университет көліктеріне техникалық қызмет көрсетуге арналған заманауи нысан ретінде қызмет етеді. Ректор құрылыс жұмыстарын сапалы жүргізуді және нысанды белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

Бұған қосымша Жансейіт

орталығында болып, кемшіліктердің орнын толтыру бойынша жүргізілген соңғы өзгерістердің нәтижелерімен танысты.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Бүгінде әлемнің қарқынды дамуы цифрлық технологиялардың үдемелі жетілуімен тікелей байланысты. Өндіріс, ғылым, бизнес, медицина және өзге де салаларда ақпараттық жүйелер мен жасанды интеллектің маңызы артып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашып отыр. Цифрлық жаңғыру мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігін күшейтіп, жоғары білікті IT мамандарын даярлауды стратегиялық міндетке айналдырды.

ҚазҰУ-дың жаңа ақпараттық технологиялар және



делдетіп, жоғары оқу орындарын жаңа бағыттар ашуға итермеледі. Осыған орай, 2025 жылдың қыркүйегінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ақпараттық технология-

лар факультеті ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультеті болып қайта құрылды. Бұл – университеттің IT саласындағы ғылыми әлеуетін арттыруға, жасан-

ды интеллект, деректерді талдау және интеллектуалды жүйелер бойынша білікті мамандар даярлауға бағытталған маңызды реформалардың бірі.

Бүгінде факультетте бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлерінде халықаралық стандарттарға сай білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда. Факультет құрамындағы төрт кафедраның әрқайсысы цифрландыру, бағдарламалық инженерия, жасанды интеллект және ақпараттық қауіпсіздік салаларының дамуына үлес қосып келеді. Тәжірибелі профессорлар, ғылым докторлары мен кандидаттары, PhD мамандар және жас зерттеушілер ғылыми-зерттеу жұмыстарын белсенді жүргізіп, білім сапасын арттыруда.

Компьютерлік ғылымдар кафедрасы

Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультетінің жетекші құрылымдық бөлімшелерінің бірі. Бүгінде кафедрада шетелдік студенттерді қоса алғанда, 500-ден астам студент білім алууда. Оқу процесін ғылым докторлары, профессорлар мен шетелдік оқытушылары бар жоғары білікті профессорлық-оқытушылық құрам қамтамасыз етеді. Кафедра Қытай, Ұлыбритания, Германия, Жапония және басқа да елдердің жетекші университеттерімен халықаралық ынтымақтастықты белсенді дамытып келеді.


Кафедра жоғары білімнің барлық деңгейлері бойынша кең ауқымды білім беру бағдарламаларын ұсынады:

- Бағдарламалық инженерия
- Компьютерлік ғылымдар
- Есептеу инженериясы

- Бағдарламалық инженерия.

Ерекше атап өтетіні – есептеу инженериясы және бағдарламалық инженерия инновациялық бағдарламалары бойынша бакалавр дәрежесін үш жылда алуға мүмкіндік бар. Олар IT-индустрияда сұранысқа ие практикалық дағдыларға басымдық беретін қарқынды оқу моделіне негізделген.

Магистратура және докторантура деңгейінде Northwestern Polytechnical University (Қытай) университетімен бірлескен «Компьютерлік ғылымдар және технологиялар» мамандығы бойынша қосдипломды білім беру бағдарламасы жүзеге асырылады. Оның аясында студенттер оқудың бір бөлігін Қытайда өткізіп, қос диплом алады. Бұл олардың халықаралық еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін едәуір арттырады.



Зертханалар мен ғылыми жобалар

Кафедра зертханаларында ғылыми-зерттеу жұмыстары бірнеше бағыт бойынша белсенді жүргізілуде: жоғары өнімді есептеулер, жасанды интеллект, биоинформатика және желілік технологиялар. Мемлекет тарапынан қаржыландырылатын жалпы саны 12 ірі ғылыми жоба іске асырылуда.

Компьютерлік ғылымдар зертханасы – бағдарламалау, алгоритмдер және деректер құрылымдары саласындағы іргелі пәндерді меңгеруге арналған, заманауи есептеу техникасымен жабдықталған базалық зертхана.

Еділхан Әмірғалиев атындағы Жасанды интеллект және робототехника зертханасы – машиналық оқыту, компьютерлік көру, табиғи тілді өңдеу және робототехника салаларында студенттер мен зерттеушілер жобалармен айналысатын мамандандырылған зертхана.

Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу зертханасында студенттер практика жүзінде заманауи бағдарламалық жасақтама әзірлеу әдістемелерін меңгеріп, өзекті фреймворктер мен әзірлеу құралдарымен айналысады.

Ақпараттық технологиялар және дизайн бойынша студенттік зертхана – веб-әзірлеу, мобильді қосымшалар және UI/UX-дизайн бағыттарындағы студенттік жобаларды жүзеге асыруға арналған шығармашылық кеңістік.

Жоғары технологиялық зияткерлік бағдарламаланатын жүйелер зертханасы кіріктірілген жүйелер, заттар интернеті және зияткерлік басқару жүйелері саласындағы жобаларды іске асырады.

Компьютерлік ғылымдар кафедрасы бай академиялық дәстүрлерді инновациялық көзқараспен үйлестіре отырып, студенттерге сапалы IT-білім және ғылыми қызметпен айналысуға кең мүмкіндіктер ұсынады.

Жасанды интеллект және big data кафедрасы

Data Science, жасанды интеллект және интеллектуалды басқару жүйелері бойынша мамандар даярлайтын факультеттің жетекші бөлімшесі. Барлық білім беру бағдарламалары халықаралық аккредитациядан өткен. Бұл олардың сапасының жандық деңгейде мойындалуын қамтамасыз етеді.

Бакалавриат деңгейі бойынша:

«6B06107 Деректер туралы ғылым»,

«6B06109 Жасанды интеллект»

«6B07113 Интеллектуалды басқару жүйесі» білім беру бағдарламалары бар.

Магистратура деңгейінде:

«7M06115 Деректер туралы ғылым»,

«7M07113 Бизнес талдау мен Big Data»

«7M07128 Интеллектуалды басқару жүйелері» білім беру бағдарламалары бар.

Докторантура деңгейі бойынша:

«8D06107 Деректер туралы ғылым»

«8D06114 Медицина саласындағы жасанды интеллект»

«8D07109 Автоматтандыру және Internet of Things»

«8D07116 Интеллектуалды басқару жүйелері» білім беру бағдарламалары бар. Кафедрада сондай-ақ Қытайдың Northwestern Polytechnical University (NPU) университетімен бірлескен қосдипломды «Жасанды интеллект» бағдарламасы іске асырылады.

Кафедра заманауи ғылыми инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген. Зертханаларда түрлі жобалар жүзеге асады.

Киберқауіпсіздік

Ақпараттық қауіпсіздік, киберқауіпсіздік, криптография, қауіпсіз бағдарламалық жасақтама және цифрлық криминалистика салаларында жоғары білікті мамандар даярлайтын Қазақстандағы жетекші ғылыми-білім беру орталықтарының бірі. Кафедраның басты мақсаты – ақпараттық инфрақұрылымды қорғау, кибероқиғаларды анықтау және алдын алу, заманауи криптографиялық жүйелерді жобалау, ақпараттық қауіпсіздік аудитін жүргізу сияқты маңызды бағыттарда

теориялық және практикалық тұрғыдан терең дайындыққа ие мамандарды қалыптастыру.

Киберқауіпсіздік және криптология кафедрасы мынадай білім беру бағдарламаларымен жұмыс істейді:

Бакалавриат деңгейі бойынша:

«6B06301 – Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері»

«6B06302 – Криптология»

Магистратура деңгейі бойынша:

«7M06301 – Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері»,



цифрлық дәуірі: жасанды интеллект факультеті

Заттар интернеті зертханасы

қаруға мүмкіндік беретін smart жүйелерді әзірлеуге аударады. Мұнда интеллектуалды сенсорлар, микроконтроллерлер, байланыс модульдері және нақты уақыттағы мониторинг платформаларының көмегімен IoT құрылғыларының жұмыс прототиптері жасалады.

Зертханада жүзеге асырылып жатқан жобалар:

Блокчейн технологиясы мен IoT (Internet of Medical Things) қолданылатын ұйқы бузылыстарын бақылау және диагностикалау бойынша интеллектуалды жүйені әзірлеу.

Терең оқыту әдістері мен IoT (Internet of Medical Things) арқылы жүрек-қан тамырлары ауруларын бақылау және алдын алудың интеллектуалды жүйесін дамыту.

негізгі назарын физикалық объектілерді біріктіріп, олардың деректерін автоматты түрде жинауға, талдауға және бас-

(Internet of Things) зертханасы – цифрлық экожүйелерді құруға арналған заманауи технологиялық алаң. Зертхана

Жасанды интеллект зертханасы

(AI) заманауи интеллектуалдық технологияларды зерттеу және әзірлеу бағытында жұмыс істейтін ғылыми орталық. Зертханада машиналық оқыту, терең нейрондық желілер, компьютерлік көру және табиғи тілді өңдеу салалары бойынша қолданбалы және теориялық зерттеулер жүргізіледі. Жоғары өнімді GPU серверлері мен бұлттық есептеу ресурстары күрделі модельдерді үлкен көлемді деректер негізінде оқытуға мүмкіндік береді.

Зертханада жүзеге асырылып жатқан жобалар:

Пациенттердің insultтан кейінгі жоғарғы қол-қимыл қозғалысын компьютерлік көру және геймификация технологиялары арқылы қалпына келтіру.

Оңтүстік Қазақстан өңірін тұрақты дамыту үшін инновациялық технологияларды әзірлеу және заманауи инфрақұрылым құру.

Қазақ тілін және технологиялық прогресті қолдау үшін үлкен тілдік модельді (LLM) құру.

Өнеркәсіпке арналған цифрлық егіздер зертханасы

(Digital Twins) – өндіріс нысандарының виртуалды көшірмесін жасау арқылы олардың жұмысын модельдеу, болжамдау және оңтайландыруды жүзеге асыратын ерекше ғылыми орталық. Бұл зертхана Industry 4.0 концепциясына толық сәйкес келеді және өнеркәсіптік процестерді цифрлық трансформациялау бағытында үлкен рөл атқарады.

Зертханада жүзеге асырылып жатқан жобалар:

Жасанды интеллект және IIoT технологияларын қолдана отырып, тамақ өңдеу кәсіпорнының цифрлық егізін жасау.

Цифрлық инновациялық шешімдер зертханасы

(Erasmus) – заманауи IT өнімдерін, цифрлық сервистерді және интеллектуалды платформаларды әзірлеуге бағытталған ғылыми-инженерлік орталық. Зертхана веб және мобильді қосымшалар, smart автоматтандыру жүйелері, деректерді талдау құралдары және бұлттық архитектураларға негізделген қолданбалы шешімдер жасайды.

Зертханада жүзеге асырылып жатқан жобалар:

Erasmus+ «Fostering Dual Green and Digital Transitions through Education and Innovation in the Neighbourhood East, Central Asia, and Asia – Green-Tech Horizons»

Ақпараттық жүйелер кафедрасы



Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында бәсекеге қабілетті, жоғары кәсіби дайындықтағы мамандарды даярлайтын жетекші академиялық орталықтардың бірі. Кафедраның негізгі мақсаты – заманауи қоғамның цифрлық даму талаптарына жауап бере алатын, интеллектуалдық деректермен жұмыс істей алатын, жасанды интеллект технологияларын меңгерген инженерлер мен зерттеушілерді даярлау.

Бүгінгі таңда цифрлық экономика, автоматтандыру, деректермен басқарылатын жүйелер және жасанды интеллекттің дамуы ақпараттық жүйелер саласының рөлін бұрын-соңды болмаған деңгейге көтерді. Осы тұрғыдан алғанда Ақпараттық жүйелер кафедрасы Қазақстанның IT-индустриясына кәсіби кадрлар даяр-

лауда маңызды орын алып отыр.

Зерттеу бағыттары: жасанды интеллект және интеллектуалды басқару жүйелері, киберқауіпсіздік және ақпаратты қорғау, үлкен деректерді өңдеу және аналитика, smart-қалаларға арналған цифрлық платформалар, автоматтандырылған басқару жүйелері, цифрлық трансформация архитектуралары.

Кафедраның негізгі ғылыми бағыттары: ақпараттық жүйелердің архитектурасы мен математикалық модельдері, жасанды интеллектің негізделген деректерді интеллектуалды талдау, табиғи тілді өңдеу (NLP) және көптілді интеллектуалды жүйелер, өндірістік және экономикалық жүйелерді цифрландыру, smart-жүйелер және интеллектуалды басқару, киберқауіпсіздік және деректерді қорғау технологиялары.

Маңызды ғылыми жобалар

«Қазақстан Республикасының заңнамасы саласындағы мемлекеттік тілге арналған семантикалық тәсілдерге негізделген интеллектуалды сұрақ-жауап жүйесінің моделі». «Түркі тілдерінің параллель сөйлеу корпусының автоматты генерациясын және олардың нейрондық модельдер үшін қолданылуын зерттеу». Жоба түркі тілдеріне арналған сөйлеу деректерінің үлкен корпусын автоматты түрде құруға және оны заманауи жасанды интеллект модельдерінде қолдануға бағытталған. Оның шеңберінде қазақ, түрік, өзбек, қырғыз және басқа түркі тілдері бойынша аудио және мә-

тіндік деректер жинақталады. «Өндірістік кәсіпорындар үшін ресурстарды оңтайлы бөлудің интеллектуалды ақпараттық жүйесін әзірлеу және оның даму динамикасын болжау».

Сонымен қатар кафедра халықаралық ғылыми қауымдастықтармен тығыз байланыста жұмыс істеп, студенттердің ғылыми жобаларға қатысуын, стартаптар мен инновациялық бастамаларды дамытуын қолдайды. Зертханалық инфрақұрылымның жаңаруы мен заманауи техникалық базаның болуы студенттердің практикалық дағдыларын шыңдауға мүмкіндік береді.

және криптология кафедрасы



Кафедраның ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметі

Киберқауіпсіздік және криптология кафедрасы ақпараттық жүйелерді қорғау және киберқауіптерді болжау саласында кең ауқымды ғылыми зерттеулер жүргізеді.

Зерттеу бағыттары:

• Киберқауіпсіздік және ақпаратты қорғау жүйелері

• Криптография және криптографиялық хаттамалар

• Жасанды интеллект және машиналық оқыту

негізінде қауіптерді талдау

• Биоақпараттық деректерді қорғау

• Ақпараттық жүйелерді қауіпсіздік аудиті және модельдеу

Кафедра оқытушылары халықаралық конференциялар мен семинарларда баяндама жасап, Scopus және WoS базаларындағы журналдарда ғылыми мақалалар жариялайды. Студенттер ғылыми жобаларға қатысып, хакатон, стартап және инновациялық жарыстарға тартылып, практикалық дағдыларын жетілдіреді.

Қорытындылай келе айтарымыз, ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультеті еліміздің цифрлық даму бағытына елеулі үлес қосып отыр. Жоғары ғылыми әлеуеті бар ұжым инновациялық жобаларды жүзеге асырып, халықаралық деңгейде сұранысқа ие IT мамандарын даярлауда. Университеттің осы бағыттағы трансформациясы Қазақстанның цифрлық болашағын қалыптастыруға арналған маңызды стратегиялық қадам.

Факультет инновациялық білім беру бағдарламаларын енгізу, өндірістік серіктестікті кеңейту, ғылыми жобалар мен стартаптарды қолдау арқылы елдің цифрлық экожүйесін дамытуға нақты үлес қосуда. Студенттер мен жас ғалымдар заманауи технологияларға негізделген зерттеулер жүргізіп, халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті нәтижелерге қол жеткізіп келеді.

Сонымен бірге факультетті қайта құрылымдау еліміздің IT және жасанды интеллект салаларын одан әрі дамытуға бағытталған маңызды стратегиялық шешім саналады. Бұл өзгеріс Қазақстанның цифрлық трансформациясына қажетті кәсіби кадрларды даярлауда жаңа мүмкіндіктер ашып, университеттің ғылыми-инновациялық әлеуетін одан әрі күшейте түсті. Осылайша факультет тек білім ордасы ғана емес, сондай-ақ Қазақстанның цифрлық болашағын қалыптастыратын ірі зияткерлік орталыққа айналып отыр.

Айгерім САМЕТОВА,
оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі декан орынбасары, аға оқытушы

В мире, где стремительные перемены требуют постоянного саморазвития, история Аскара Акаева — вдохновляющий пример того, как сила знания способна изменить жизнь человека и судьбу страны. Его книга «Моя жизнь в науке и политике» — не просто воспоминания, а откровенный разговор о том, как образование и труд формируют личность, открывают путь к открытиям и лидерству.

Как наука и образование определяют судьбу человека

Родившись в простой киргизской семье, Аскар Акаев с юных лет стремился к знаниям. Учёба в Ленинградском институте точной механики и оптики стала отправной точкой его научного пути. Он посвятил себя исследованию оптики и информационных технологий, защитил докторскую диссертацию, стал академиком, а позже — президентом страны. Во всех этих ролях его объединяло одно — научное мышление: системность, аналитичность и вера в силу разума. Через страницы книги проходит мысль: настоящий успех — результат постоянного труда и внутренней дисциплины.

Акаев вспоминает, как долгие часы в лабораториях и за научными статьями научили его терпению и упорству. Он подчёркивает, что образование — это не этап, а процесс дли-



ной в жизнь. Когда учёный становится президентом, это кажется редким случаем. Но для Акаева наука и политика оказались взаимосвязанными

Анар Аширова была членом профкома с 2021 по 2024 год. Она представляла филологический факультет. Казалось бы, срок совсем небольшой, но это были очень яркие страницы работы как филфака, так и профсоюза. Работа профорга складывается из маленьких повседневных дел, как большой дом строится из маленьких кирпичиков. При этом повседневные рутинные дела, которые требуют мобилизации огромных сил и нервов, не всегда видны. Анар Тишибаевну Ашимову это не расстраивало. Она всегда говорила: «Главное — чтобы коллектив был доволен».

Будем помнить как светлого и прекрасного человека

Профсоюзная работа филологического факультета всегда была насыщенной и разнообразной. Чествования ветеранов, проведение туров выходного дня, вручение малышам новогодних подарков, а первоклассникам портфелей — все эти мероприятия Анар Тишибаевна проводила с огромным энтузиазмом, не разделяя их на значительные и незначительные. Команда филологического факультета для выступлений на Спартакиаде «Здоровье» всегда была сформирована вовремя, списки для получения льгот и подарков поданы в срок, отчёты о проделанной работе сдавались в срок и получались ёмкими и информативными. Анар никогда ничего не делала «для галочки». А как профорг переживала за номинантов конкурса «Лучший по профессии»! Постоянно напоминала: «Девочку мою не забудьте!».

Тур выходного дня — давно



и хорошо зарекомендовавшая себя форма работы с коллективом. Но и тут Анар Тишибаевна умела сделать работу творческой, а впечатления от поездки незабываемыми. Очень яркими были организованные профсоюзом поездки на высокогорные курорты Ак-Булак и "Oi-Qaragai. Анар была душой компании, брала с собой дочек, чтобы они видели и понимали особенности

мирами. Он стремился применять научный подход к управлению государством — полагаться на анализ, данные, системное мышление. Особое внимание он уделял образованию: поддерживал развитие школ, университетов, научных центров, считая, что именно знания — основа независимости и будущего Кыргызстана.

Для молодых читателей книга Акаева — это не только история успеха, но и руководство по жизни. Она напоминает, что ни одно достижение не приходит случайно: за ним стоят годы труда, вера в себя и уважение к знаниям. В эпоху, когда быстрое признание стало соблазнительным, Акаев призывает вернуться к фундаментальным ценностям — честности, трудолюбию и стремлению к истине. Жизненный путь Аскара Акаева показывает: наука и образование — не просто инструменты профессионального роста, а сила, формирующая характер и мировоззрение. Его книга — это не только автобиография, но и урок молодому поколению: учиться, трудиться и верить в свои знания — значит строить собственное будущее.

Асель БЕКЕТАЕВА,
зам. заведующего кафедрой
математического и
компьютерного
моделирования по научно-
инновационной деятельности
и международным связям

маминой работы. Ведь именно семья была для неё главной ценностью в жизни.

Вспоминаю, как профсоюз «Парасат» работников КазНУ 17 марта 2024 года отмечал День Шанырака. На встречу с активистами профсоюза были приглашены семьи, в которых муж и жена оба работают в КазНУ. Среди гостей были супружеские пары с разным стажем семейной жизни. Анар Тишибаевна Аширова очень трепетно и эмоционально рассказывала, что объединяет их с мужем Бериком Қуанышбайұлы более 30-ти лет. Супруги с удовольствием приняли участие в шуточной викторине, где дали ответы на вопросы из истории их отношений. «Строгое» жюри сверяло вопросы и определяло количество совпадений и расхождений. Затем Анар сформулировала свои рецепты семейного счастья. Никто не мог предположить, что это последнее мероприятие с Анар Тишибаевой...

Анар Ашимова каждый год признавалась «Лучшим профоргом». Городской профсоюз в 2022 году наградил её медалью «Құрмет», как самого активного члена профсоюза, внесшего значительный вклад в работу организации. Вест о её болезни была как гром среди ясного неба. До сих пор не хочется верить в случившееся. Кажется, вот она войдёт в профком, как всегда красивая, безупречно одетая и спросит: «Ну, что у нас новенького?»

Мы всегда будем помнить Анар Тишибаевну Ашимову, как светлого и прекрасного человека.

Ольга ЛОЖНИКОВА,
зам. председателя
профсоюза «Парасат»
работников КазНУ

Абай — личность мирового масштаба

2025 год в Казахстане проходит под знаком юбилея Абая. По инициативе Президента страны Касым-Жомарта Токаева по всей республике организуются тематические мероприятия, направленные на популяризацию творческого и духовного наследия великого казахского поэта, философа и просветителя.

В своём обращении к юбилею глава государства подчеркнул, что Абай — личность мирового масштаба, великий поэт и основоположник современной казахской литературы, расширивший горизонты мировоззрения народа. Его идеи продолжают вдохновлять молодёжь на образование, труд и ответственность, служат примером любви к Родине и преданного служения обществу.

На факультете международных отношений состоялся круглый стол, посвящённый 180-летию со дня рождения Абая Кунанбаева. Организатором мероприятия выступила Библиотека имени аль-Фараби. В работе круглого стола приняли участие заведующая кафедрой дипломатического перевода, доцент, кандидат филологических наук М.К.Мур-

загалиева, доктор PhD, профессор факультета философии и политологии К.С.Багашаров, преподаватели и студенты факультета.

Участники круглого стола обсуждали творческое и фило-софское наследие Абая, влияние его идей на современность. В центре внимания были «Слова назидания» — фундаментальное произведение из 45 философских трактатов и притч, передающее из поколения в поколение духовные ориентиры казахского народа. Преподаватель кафедры дипломатического перевода, кандидат филологических наук А. Смагулова и студент третьего курса А. Имангелди представили презентацию о переводческой деятельности Абая. Поэт перевёл 56 произведений Пушкина, Лермонтова, Крылова, Гёте и Байрона, открыв казахскому обществу дверь в европейскую культуру.

Студенты и гости в рамках круглого стола также ознакомились с книжной выставкой библиотеки, на которой были представлены редкие и современные издания произведений Абая, научно-популярная и исследовательская литература, посвященная творчеству поэта.

Асель КОЖАХМЕТОВА,
главный библиотекарь-менеджер Библиотеки имени аль-Фараби

Совместная программа укрепит научные связи

Между КазНУ имени аль-Фараби и Университетом Клода Бернара Лион-1 подписано соглашение о совместной программе двух дипломов.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби продолжает укреплять международное сотрудничество в сфере образования и науки. В рамках стратегического партнерства с ведущими мировыми вузами было подписано соглашение о реализации совместной образовательной программы двух дипломов со знаменитым Французским университетом Клода Бернара Лион-1.

Программа будет реализована по специальности «7M07101 – Нефтехимия», что открывает уникальные возможности для студентов, желающих получить фундаментальные знания и практический опыт в одной из ключевых отраслей мировой экономики.

Основные преимущества программы:

- Возможность обучаться

как в Казахстане, так и во Франции, сочетая опыт ведущих преподавателей обеих стран.

- Получение двух дипломов — КазНУ и Университета Лион-1, что значительно повышает конкурентоспособность выпускников на международном рынке труда.

- Доступ к передовым лабораториям, научным исследованиям и современным образовательным методикам.

- Перспектива стажировок и дальнейшего трудоустройства в ведущих нефтехимических компаниях Европы и Центральной Азии.

Подписание данного соглашения стало важным шагом на пути интеграции казахстанского образования в мировое академическое пространство. Совместная программа укрепит научные связи, расширит горизонты для студентов и станет новым этапом развития кадрового потенциала в области нефтехимии.

Фатима КАНАПИЕВА,
и.о. доцента кафедры
физической химии,
катализа и нефтехимии

Медианарық пен білім беру саласы арасындағы диалог

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да журналистика факультетінің ұйымдастыруымен «Медиаиндустрия және білім берудегі серіктестік: кадр даярлау мәселелері» тақырыбында республикалық жұмыс берушілер форумы өтті. Шараға еліміздің жетекші медиа ұйымдарының, баспа үйлерінің және PR-компаниялардың басшылары мен сарапшылары қатысты.



Форумда қазіргі медианарықтағы өзгерістер, цифрлық трансформация, жас мамандарға қойылатын жаңа талаптар, сондай-ақ университет пен индустрия арасындағы серіктестікті нығайту жолдары талқыланды.

Журналистика факультетінің деканы Қанат Әуесбай форумды ашып, медиа саласының жылдам дамуы жағдайында білім беру бағдарламаларын жаңғырту және еңбек нарығының сұранысына бейімдеу қажеттігін атап өтті. Ол медиа нарығындағы қарқынды өзгерістер жағдайында кадр даярлаудың жаңа стандарттарын қалыптастыру мен енгізуде форумның маңызы зор екенін атап өтті. Декан сондай-ақ ҚазҰУ мен сала серіктестері арасындағы ынтымақтастық түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда шешуші рөл атқаратынын айтты.

Бейнематериал көрсетілгеннен кейін спикерлер медиа және білім беру салалары арасындағы диалогқа көшті. Форум спикерлері цифрлық журналистика, медиа трансформациясы, жас мамандарға қойылатын талаптар, сондай-ақ университеттер мен индустрия арасындағы серіктестіктің бәсекеге қабілетті кадрлар даярлаудағы рөлі бойынша өзекті пікірлерін ортаға салды.

Форумға білікті медиамеджер Нұржан Жалауқызы, «Alatau Aqparat» медиахолдингінің бас директоры Ержан Төлек, «IRIS PR CONSULTING» PR бөлімінің жетекшісі Ырыс Амангелді, «NAR MEDIA GROUP» компаниясының директоры Нартай Өтеген, ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы директорының орынбасары Толқын Тұрғалқызы, Abai TV бас продюсері Жаңылхан Асылбекова, «Абай.kz» ақпараттық порталының бас редакторы Нұргелді Әбдіғани және басқа да журналистер қатысты.

Қатысушылар жұмыс берушілер мен университет арасындағы байланыстарды нығайту, студенттердің тәжірибеден өту, тағылымдама мен алғашқы жұмыс орнын табуын жеңілдету тетіктерін қарастырды. Жаңа медиақұзыреттерге қойылатын талаптарды жаңарту да негізгі тақырыптардың бірі болды.

Форум аясында жұмыс берушілермен меморандумдарға қол қойылып, серіктестер марапатталды. Сонымен қатар студенттерге жұмыс берушілермен тікелей кездесуге мүмкіндік берген «Мамандықтар жәрмеңкесі» ұйымдастырылды.

Света
ӘБІЛҒАЗЫҚЫЗЫ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Бүкіләлемдік философия күні қарсаңында аса көрнекті ресейлік ғалым, Ресей Федерациясы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор Вячеслав Стёпиннің «Ғылым тарихы мен философиясы» оқулығының қазақ тіліндегі басылымының тұсаукесері өтті.

Философиялық классика қазақ тілінде жарық көрді

Іс-шара ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Ресей Федерациясына қараша айында жасаған мемлекеттік сапарымен тұспа-тұс ұйымдастырылды. Бұл шара екі елдің философиялық қауымдастықтары мен жоғары білім беру саласы өкілдері арасындағы ғылыми және мәдени байланыстарды нығайтуға бағытталған. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, тараптар стратегиялық ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге ниетті екенін растаған. «Қазақстан – Ресей қарым-қатынасының әлеуеті зор. Бірлескен жұмыстың шет-шегі жоқ. Елдеріміз барлық салада нәтижелі ынтымақтастық орнатты», – деген болатын өз сөзінде Мемлекет басшысы.

Ресеймен білім-ғылым, мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастық табысты түрде жалғасып келеді. Соның бір айғағы философия ғылымының докторы, профессор, Ресей ғылым академиясының академигі және Ресей философиялық қоғамының (1999-2018) президенті болған ғалым Вячеслав Семёнович Стёпиннің (1934-2018) кітабының қазақ тіліне аударылуы болып отыр.

В.Стёпин ғылым философиясы, таным теориясы, ғылым методологиясы және мәдениет философиясы салаларының дамуына зор үлес қосты. Ол ғылыми теориялардың құрылымы мен қалыптасуын зерттеп, ғылыми білімнің даму заңдылықтарын анықтауға бағытталған тұжырымдамасын жасады. Ғалым «классикалық», «классикалық емес» және «постклассикалық» рационалдық типтері ұғымдарын енгізіп, ғылым дамуының жаңа кезеңдерін түсіндіруге жол ашты.

1988-2006 жылдары Ресей ғылым академиясы Философия институтының директоры қызметін атқарған В.Стёпиннің еңбектері ғылым мен мәдениеттің өзара байланысын терең ашып көрсетті. Оның идеялары философиялық білімнің ұлттық тілде дамуына серпін беріп, қазіргі қазақ тіліндегі философиялық аудармаларға да ықпал етті.

Аталған еңбекті қазақ тіліне ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, философия ғылымының докторы, профессор Мұрат Сәбитұлы аударды. Бұл бастама философиялық білімнің ұлттық тілде дамуына, сондай-ақ ғылыми гуманитарлық бағыттағы аударма мәдениетін жетілдіруге бағытталған маңызды қадам.

Шараға философия және саясаттану факультетінің деканы Бекжан Мейірбаев модераторлық жасап, пленарлық баяндамада кіріспе сөз Мұрат Сәбитұлына берлді. «Магис-



транттарға арналған бұл оқулық осы саланың әлемге әйгілі маманының көпжылдық зерттеулерінің нәтижелі болғандықтан, қазақ оқырмандарының ғылыми-әдіснамалық сұраныстарына толығымен жауап бере алатынына аудармашы және маман-философ ретінде де сенімдімін. Қазіргі уақытқа дейін қазақша жазылған оқулықтар мен оқу құралдарына қарағанда өз мазмұны бойынша бұл оқулық едәуір толығырақ екенін және нақтылы мәліметтерге негізделіп жазылғандықтан, ғылыми-философиялық тұғырнамасына да жүйелілік пен айқындылық тән екенін растаймын. Бұл оқулықтың мазмұндық ауқымы өте кең, терминологиялық құрылымы аса күрделі. Сондықтан қарастырылатын мәселелерді ғылым мен философияның қалыптасуы мен өзара байланыса дамуын, олардың адамға, қоғамдық өмірге, мәдениетке адамзаттың болашағына тигізетін әсерлерін нақыштап, сау ақылға қонатындай дәрежеде қазақшаға дұрыс аударма мазмұндау аса қиын екені белгілі. Мен осы көлемді істі қолыма алып, соңына жеткізгеніме екі жылдан астам уақыт өтті», – деді профессор Мұрат Сәбитұлы.

Ғалымның аталған еңбек жайлы таныстырылымынан соң, философия ғылымының докторы, профессор, Ресей ғылым академиясы Философия институты директорының м.а. Абдусалам Гусейнов (Мәскеу қ., РФ), философия ғылымының докторы, академик, Ресей ғылым академиясы Философия институтының жетекші ғылыми қызметкері Владимир Буданов (Мәскеу қ., РФ), экономика ғылымының докторы, профессор, Мемлекеттік экономика және ақпараттық технологиялар университетінің кафедра меңгерушісі Наталья Паздникова, философия ғылымының докторы, профессор Алтай Тайжанов (Ақтөбе қ.), философия ғылымының докторы, ҚазҰУ Философия кафедрасының

профессоры, Әл-Фараби орталығының ғылыми кеңесшісі Жақыпбек Алтаев, әлеуметтану ғылымының докторы, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институтының бас директоры Айгүл Сәдуақасова, философия ғылымының докторы, профессор Аяжан Сағиқызы, философия ғылымының докторы, ҚазҰУ Философия кафедрасының профессор-зерттеушісі Гүлжиһан Нұрышева және т.б. отандық және шетелдік ғалымдар қатысты.

Қазақ тілінде тұсауы кесілген классикалық туынды аспиранттар мен ізденушілер үшін кандидаттық минимум бағдарламасына сәйкестендіріліп жазылған. Кітапта мәдениет пен өркениет дамуы барысында ғылымның қалай пайда болғаны, танымның басқа формаларынан ғылымның айырмашылықтарының қандай екені қадағаланады. Ғылыми білімнің құрылымы мен динамикасы, ғылыми рационалдық типтерінің тарихи өзгерісі, ғылым мен философияның байланыстары, ғылыми зерттеудің мәдени-әлеуметтік шарттыланғаны талданады. Ғылым философиясының мәселесі ғылым тарихының нақтылы материалына негізделіп отырып талқыланды.

В.Стёпиннің «Ғылым тарихы мен философиясы» еңбегі РФ Білім және ғылым министрлігі ЖОО-дан кейінгі кәсіби білім жүйесі үшін оқулық есебінде рұқсат еткен. Қазақ тіліне аударылған жаңа басылым баспагер Жанат Бекетан басқаратын «Дарын» баспасынан 500 данамен жарық көрді.

Әсет ҚҰРАНБЕК,
қауымдастырылған
профессор,
Философия кафедрасының
меңгерушісі, ф.ғ.к.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
Философия кафедрасының
доценті міндетін атқарушы,
PhD

Омбыдағы филиалда «Уәлиханов оқулары» өтті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ресейдің Омбы қаласындағы филиалында Қазақстан Республикасы Бас консулдығының бастамасымен Шоқан Уәлихановтың 190 жылдығына арналған «Уәлиханов оқулары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



Іс-шара көрнекті қазақ ғалымы, тарихшы, этнограф, саяхатшы және дипломат Шоқан Уәлихановтың ғылыми мұрасын жаңаша пайымдауға арналды.

Конференцияға Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Қытай және басқа да елдердің жетекші зерттеушілері, мемлекеттік органдардың өкілдері, дипломатиялық корпус мүшелері, сарапшылар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Жиынның негізгі мақсаты Ш.Уәлихановтың ғылымға қосқан үлесін жан-жақты зерделеу, Орталық Азия тарихы мен мәдениетін зерттеудегі рөліне жаңаша көзқарас қалыптастыру, сондай-ақ халықаралық ғылыми және гуманитарлық

ынтымақтастықты нығайту болды.

Бағдарламаның бірінші күні қатысушылар А.С.Пушкин атындағы Омбы мемлекеттік облыстық ғылыми кітапханасына барып, Уәлиханов дәуіріне қатысты сирек кітаптар топтамасымен танысты. Көрсетілген экспонаттар арасында ғалым өзі оқыған және пайдаланған еңбектер қойылған. Сонымен қатар кітапхана қызметкерлері қордағы бірегей архив материалдарын ұсынды.

Пленарлық отырыста Қазақстан мен Ресейдің ғылыми орталықтарының белгілі тарихшылары мен шығыстанушылары, сондай-ақ Бейжің университетінің профессоры баяндама жасады. Пленарлық бөлімнен кейін Қазақстан мен Ресей мектеп

оқушылары арасында өткен «Шоқан Уәлиханов: дәуірлер мен ұрпақтар байланысы» атты халықаралық эссе байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.

Конференция аясында Ф.М.Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университеті базасында орналасқан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филиалында бірқатар ғылыми секциялар ұйымдастырылды. Секциялар жұмысында Ш.Уәлихановтың ғылыми еңбектерін талдау, экспедициялары мен Қашғарға жасырын сапары, тарихи жады мәселелері, мәдениетаралық диалог және Орталық Азиядағы қазіргі геосаяси үрдістер секілді ауқымды тақырыптар талқыланды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



Қазақстан–Британ техникалық университетінде Әлеуметтік ғылымдар мектебінің ұйымдастыруымен қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған TEDxAbay ойталқысы өтті.

TEDxABAY ойталқысының жүлдегері



Үш апта бойы жалғасқан дәрістерге 250-ден астам студент қатысып, Абайдың рухани мұрасы мен таным тереңдігін талқылады. Бағдарламаның қорытынды кезеңі ретінде TEDx форматында шығармашылық ойталқы ұйымдастырылды. Байқауға 42 үміткер қатысып, іріктеу нәтижесінде үздік 13 қатысушы финалда өз баяндамаларын ұсынды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Тарих» мамандығының 2-курс студенті Аман Ислам «Абай танымындағы адамның рухани дәрежелері» тақырыбындағы баяндамасымен көзге түсіп, нәтижесінде II орынды иеленді. Абайдың тағылымы бүгінгі жастар үшін рухани өзекті бағдар болып қала береді. Ұлы

ойшылдың адамгершілік, білімге құштарлық және өзін-өзі тану жөніндегі идеялары студенттерді терең ойлауға, шығармашылыққа және жауапкершілікке жетелейді. Мұндай шаралар жас буынның дүниетанымын кеңейтіп, ұлттық мұраға деген құрметін арттырады.

Сонымен қатар осы бағдарлама аясында дәріс оқып, студенттердің таным көкжиегін кеңейтуге үлес қосқан ҚазҰУ-дың филология факультетінің оқытушысы, тілтанушы Құнанбай Арғынбекке ерекше алғыс білдіргім келеді.

Керім ҚАБДОЛДИНА,
Қазақстан тарихы
кафедрасының
аға оқытушысы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жас ғалымдарға халықаралық деңгейде тәжірибе жинақтауға үлкен мүмкіндік беріп келеді. Соның айқын мысалы ретінде жуырда «Физика» білім беру бағдарламасының докторанттары ретінде Қытайдың Харбин технологиялық институтында өткен тағылымдамды айтуға болады.

Тағылымдама барысында жас зерттеуші ретінде заманауи әдістемелерді меңгеріп, жаңа ғылыми деректерге қол жеткіздім. Қытайлық әріптестермен бірлескен жобаларға қатысу арқылы болашақта ор-

Тағылымдама – жаңа мүмкіндік

тақ мақалалар жазуға негіз қаланды.

Бұл сапар – ҚазҰУ-дың жас ғалымдарға жасаған қолдауының нақты көрінісі. Университеттің халықаралық ынтымақтастыққа бағытталған саясаты арқасында докторанттар әлемдік ғылыми орталарға жол ашып, тәжірибе алмасуға мүмкіндік алады.

Харбиндегі тағылымдама тілдік дағдыларымды жетілдіріп, көшбасшылық қабілетімді арттырды. Жаңа ортада пікірталасқа қатысу сенімділігі күшейіп, ғылымға деген көзқар-



расымды кеңейтті. Тағылымдама барысында IV Қытай–Ресей ғылыми-техникалық форумына (2025) еріктілер қатарында

қатысу арқылы үлкен ауқымдағы форумдарды ұйымдастыруды үйренуге мүмкіндік алдым.

Оқу ордасының қолдауымен жүзеге асқан тағылымдама жас зерттеушілердің кәсіби дамуына ғана емес, Қазақстан ғылымының халықаралық беделін арттыруға да ықпал етеді. Бұл екі елдің танымал университеттері арасындағы жаңа бастама физика-техникалық факультетінің деканы, профессор Нұрзада Бейсен мен Харбин технологиялық институты энергетика ғылымдары және инженерия факультетінің деканы, профессор Чжоу Вэйсиннің достық келіссөздері арқасында екі университет студенттеріне берілген зор демеу.

Дина ДЕМИСЕНОВА,
«Физика» білім беру
бағдарламасының
докторанты

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.